**Құрман орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында 6 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы**

2023-2024 оқу жылында 6 сыныпқа 12 оқушы қабылданды. Оның ішінде 6-уы ұл бала, 6-уы қыз бала. 2 тоқсанда Мамаева Ж. отбасының көшуіне байланысты басқа мектепке ауысып, 11 оқушы қалды.

Отбасылық жағдайы: : Сыныпта 10 толық отбасы, 2 толық емес отбасыдан, жағдайы қалыпты. Сыныпта 10 оқушы көп балалы отбасынан: Есқазина А., Жолдығалиев Н., Мақсатова Жанерке, Ертілеуов Е., Дулатқызы І.,Кенжеғалиев Б., Салауатов М., Аманкелді А., Мамай Ж., Қатарбаева А. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқущыларының ата-аналарымен үнемі онлайн(ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар:ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»

10. «Ата-аналар мектебі»

Сынып  оқушыларының  негізгі міндеті мен мақсаты: өзін жеке тұлға ретінде таныту, сапалы білім алу.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша: ««Ұстаз, сіздің алдыңызда», «Парасаттылық туралы» биылғы оқу жылының ерекшеліктері, т.б.

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс): «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!», «Адалдық және сыпайылық шынай адам келбеті», «Ұлы дала перзентімін», «Үнемділік инноваторы», «Тәуелсіздік жетістіктері»

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша: «Тарих пен тіл тағдырлас», «Туған өлке ақындарының шығармалары», «Сен және Заң», «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту», «Таным. Тағылым. Тәрбие», «Қоқысты қайта өңдей процесі», «Жеңіс деген шат күлкісі баланың», «Медиатайм», «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша: «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Отбасылық дәстүрлер».

«Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша: «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды», «Сабырлылық – асыл қасиет», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» отбасы құндылықтарын насихаттау.

«9 ай - 9 іс-шара» жобасы бойынша: «Мәдеин мұра – айтыс өнері». «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты отбасымен бірге сайыс өткізілді. Сайыс арқылы ата-оқушы-мектеп үштігі орнады.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша: «Бір отбасы – бір кітап», «Үнемі оқитын адам – табысты адам»

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша: «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы».

Тәрбие бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітіліп, сынып сағаттары түрлі форматта өткізілді. Тәрбие сағаттары әр түрлі форматта өткізілді. Барлық оқушылар үйірмелерге уақытылы қатысып, жетістікке жеткен оқушылар да болды. «Балауса» қыздар клубы мен  ұлдар клубының іс-шараларына да белсене қатысты.










Сонымен қатар, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сәйкес ата-аналармен түрлі форматта жиналыстар өткізілді. Оқушылар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітаптар оқып, сынып жетекшілерімен бірге талқылады. Оқушылардың оқыған кітаптары:

Оқушының аты-жөні

Кітаптар

Мақсатқызы Ж

1.

«Менің атым Қожа» Бердібек Соқпақбаев

2.

«Кел балалар, оқылық» Ы.Алтынсарин 3.

Есқазина А

1 «Андерсеннің ертегілері»

2 «Қанжығалы Бөгенбай»,

Салауатов М

«Хачико» Лесли Ньюман

Исағали Ж

«Бал бұлақ» Тұрлыақын Жексенбай

Кенжеғалиев Б

1 «Алпамыс батыр»

2 Алиса ғажайыптар әлемінде

Қатарбаева А

«Қауырсын ханшайым»

Ертілеуов Е

«Шатырда тұратын Карлсон тағы да бұзықтық жасады» Астрид Линдгрен

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегідей үйірмелерге қатысты

| **Волейбол** | **«Сахна таланттары»** | **«Парасат» дебат клубы** | **Жас шебер** | **«Еркін күрес»** |
|---|---|---|---|---|
| Мақсатқызы Ж<br>Есқазина А<br>Қатарбаева А<br>Исағали Ж | Мақсатқызы Ж<br>Есқазина А<br>Кенжеғалиев Б<br>Исағали Ж<br>Қатарбаева А<br>Мамаева Ж | Мақсатқызы Ж | Мақсатқызы Ж<br>Есқазина А<br>Қатарбаева А | Мақсатқызы Ж<br>Жолдығали Н<br>Есқазина А<br>Кенжеғалиев Б<br>Салауатов М |

Үйірмелерге қатысимы жөнінен 1-оқушы бірнеше үйірмеге де қатынасқан оқушылар болды.

**<u>Сынып оқушыларының жалпы жетістіктері:</u>**

| 2022-2023 оқу жылы | **Мектепішілік** | **Аудандық** | **Облыстық** | **Республикалық** | **Халықаралық** |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 Мақсатқызы Ж. волейбол -3 орын<br>2 Есқазина А.<br>3 Қатарбаева А. Волейбол жастары – 3 орын<br>4 Исағали Ж. Волейбол жастары – 3 орын | 1 Мақсатқызы Ж. Алға ауданы Еркін күрес- 3 орын, Мартук- 1 орын<br>2 Есқазина А. Еркін күрес Қобда, Алға – 3 орын, | Мақсатқызы ж.Еркін күрес еркін күрес- 3 орын | | |

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.

Сынып жетекшісі: А.А.Мусаева